



44-ДҮХАН СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Елу тоғыз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Ұғымын Алла (Т.) біледі. (1) Ашық баян етуші Құранға серт. (2) Шын мәнінде оны құтты бір кеште түсірдік. Расында Біз ескертушіміз. (97-С. 1-А.) (3) Ол кеште барлық хикметті істер айрылады. (4) Бұл өз қасымыздан бір бұйрық. Расында елшілерді жіберушіміз. (5) (Мұхаммед F.C.) Раббыңың игілігі. Күдіксіз Ол, әр нәрсені естуші, толық білуші. (6) Егер анық сенетін болсаңдар, көктер мен жердің әрі екі арасындағылардың Раббы. (7) Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Тірлітеді, өлтіреді. Сендердің де Раббыларың, бұрынғы аталарыңың да Раббы. (8) Бірақ олар, бір күдік ішінде ойнауда. (9) (Мұхаммед F.C.) ендеше аспанның бір ашық түтін келтіретін күнін күт. (Қуанышылықтан аш қалған елдің көздері бұлдырап, жер, көктің бұлыңғыр көрінетін күні. Немесе қиямет белгілері түрінде қаптайтын қара түнек. Б.Ж.М.К.Р.) (10) Адамдарды қаптап алады; Бұл жан түршігерлік азап. (11) Олар: "Раббымыз! Бізден бұл азапты айқынайы. Шынында иман келтіргенміз." (12) Оларға үгіт алу қайда? Расында оларға ашық



түсіндіруші бір Пайғамбар келген. (13) Сосын олар одан бұрылды да: "Үйретілген бір жынды" деді. (14) Расында бейнетті біраз айықтырамыз. Дау жоқ! Сендер қайталайсындар. (15) Өте қатты ұстаумен ұстаған күні, әрине тиісті жазасын береміз. (16) Расында бұлардан бұрын Перғауын елін де сынаған едік. Оларға ардақты пайғамбар келген. (17) "Алланың құлдарын маған тапсырындар. Өйткені мен сендерге сенімді бір пайғамбармын" деді. (18)



"Аллаға астамшылық қылмандар. Шын мәнінде сендерге ашық дәлелмен келдім." (19) "Күдіксіз мен сендердің таспен атуларыңан Раббы ма және сендердің де Раббыларың (Аллаға) сиындым." (20) "Егер маған иланбасандар, менен аулақ болындар." (21) Сонда (Мұса F.C.): "Бұлар қылмысты ел" деп, Раббына жалбарынды. (22) (Алла Т.): "Құлдарымды тұнде алып кет. Со з жоқ, арттарыңа құғыншы түседі." (23) "(Теңізден өтіп алғаннан кейін) теңізді ашық қойып қой. Өйткені

олар суга бататын ләшкер! (24) Олар қаншалаған бақшалар, бұлақтар қалдырыды; (25) Қаншалаған егіндер, көркем мекендерді де. (26) Сондай-ақ ішінде қарқ болып кенелген дәүлеттерді де. (27) Осылайша оларға басқа бір елді мұрагер қылдық. (28) Сонда оларға көк те жер де жыламады. Эрі олар тостырылмады. (Оларға қайғырған да болмады және мұрса да берілмеді.Б.) (29) Расында Израил тұрақтарын қорлаушы бейнеттен құтқардық; (30) Перғауыннан. Өйткені ол, тым шектен шығушылардан еді. (31) Расында Израил тұрақтарын біле тұра әлемге ықпалды қылдық. (32) Сондай-ақ оларға мұжизалар бердік. Онда ашық сынау бар еді. (33) Күдіксіз олар, бүйдейді: (34) "Бізге осы алғашқы өлімнен басқа түк жоқ. Сондай-ақ біз қайта тірілмейміз;" (35) "Мұбада рас айтушы болсандар, аталарымызды алып келіндерші;" (36) (Мұхаммед F.C.) олар артық па? Немесе Тұббағ елі ме? Олардан бұрынғы елдер ме? Оларды да жоқ еттік. Өйткені олар қылмысты еді. (37) Көктерді де жерді де әрі екі арасындағы нәрселерді де ойыншық қып жаратпадық. (38) Екеуін хақиқат бойынша жараттық. Бірақ олардың көбі білмейді. (39)



Расында олардың бір араға жиналатын билік күні. (40) Ол күні достың досқа еш пайдасы болмайды әрі оларға жәрдем етілмейді. (41) Бірақ Алла мәрхамет еткен кісі гана пайдалана алады. Құдіксіз Ол Алла, тым үстем, ерекше мейірімді. (42) Шынында заққым ағашы; (23-С. 62-А.) (43) Құнәкарлардың тамагы. (44) Балқыған кен сияқты қарындарында қайнайды. (45) Қайнаған су құсаған." (46) "Оны үстаңдар да сүйретіп, тозақтың ортасына тастаңдар." (47) "Сосын басының үстіне азап ретінде қайнар су қойындар." (48) "(Азапты) тат. Расында сен өзіңше үстем, құрметті едің." (49) "Шынында құдіктенген нәрселерің осы." (50) Шын мәнінде тақуалар аман бір орында болады; (51) Бақшаларда бұлақтарда, (52) Жұқа қалың жібектер киіп,

ерсілі-қарсылы отырады. (53) Осы сияқты, сондай-ақ оларды бота көз хұрлармен үйлендіреміз. (54) Ол жерде бейбіт түрде әр түрлі жемісті сұрай алады. (55) Ол жерде дүниедегі алғашқы өлімнен басқа ешбір өлім татпайды. Алла оларды тозақтың азабынан сақтаған. (56) Раббыңдан кеңшілік, міне осы зор қол жеткендік. (57) (Мұхаммед F.C.) шын мәнінде олардың үгіт алулары үшін Құранды сенің тіліңден гана оңайластырыңық. (58) Нәтижені сен де күт. Расында олар да күтуде. (59)